


Презентацияларды құру. Безендіру шаблондары.

12.04.2016ж



Сабақ барысы

- Сәлемдесу.
- Оқушылардың көңілін аудару.
- Топқа бөлу.
- Топ басшысын сайлау
- Бағалау парақшаларын тарату.
- Сабаққа дайындығын тексеру.
 - а) кітап
 - б) дәптер
 - в) халат

Ұйымдастыру кезеңі



- 1. Слайд
- 2. Презентация
- Осы екі топ өздерінің топтарының аттарын А3 форматта постер жасайды
- Безендіреді
- Қорғайды

Үй жұмысын тексеру

- **Постердің үй жұмысында берілген тақырыбының терминін ашқанына - 1 балл**
- **Безендіргеніне - 1 балл**
- **Топпен қорғағандарына – 1 балл**

Бағалау критерий

Бағалау парағы

№	Оқушының аты-жөні	Үй жұмысы	Тапсырмалар	Бекіту	Жалпы
1					
2					
3					
4					
5					
6					



- Презентацияларды құру.
Безендіру шаблондары.

Жаңа сабақ

- Дәптерді ашып , бүгінгі тақырыпты жазып қойындар.

● **12.04.2016ж**

**Презентацияларды құру.
Безендіру шаблондары.**

- Қызықтырып , зейінін ашу үшін
Электронды оқулықты ашу.
- e.edu.kz

● Мағынасын ашу

Жаңа сабақ

- Оқушылардан сұрау.
- Компьютерге орналастыру.

Техника қауіпсіздігі еске түсірейік.



- Бүгін халықаралық авиация және ғарышкерлер күні
- Осыдан 51 жыл бұрынғы көктемнің керемет күнінде, яғни **1961 жылдың 12 сәуірінде** таңғы сағат 9-дан 7 минут өткенде Кеңес Одағы қазақ жеріндегі Байқоңыр ғарыш айлағынан әуе кеңістігіне «**Восток**» кемесін аттандырды. Ол кемеде әлем тарихындағы орбитаны бойлай ұшқан тұңғыш ғарышкер, аға лейтенант **Юрий Алексеевич Гагарин** болған еді. Жерден мыңдаған шақырым алыс ұшқан оның сапары дәл сол кезең үшін рекордтық көрсеткіш болды. Сапар **1 сағат 48 минутқа** (108 минут) созылды. «Восток» кемесі 302 км биіктікте Жерді бір айналып шықты да, сағат 10-нан 55 минут өткенде, Саратов облысындағы Смеловка ауылына жақын маңға қонды. Осы аңызға айналған сапары үшін ғарышкер **Кеңес Одағы Батыры** атағын алды.
- 12 сәуір 1968 жылы қарашада өткен Жалпы Халықаралық авиация федерациясының 61-конференциясының қаулысына сәйкес, дәл осы күнді Халықаралық авиация және ғарышкерлер күні ретінде атап өту туралы шешім шығарылды.

Тапсырма беру

- Қазақ ғарышкер ағалар үшеу .Олар:
- Ғарышкер **Талғат Мұсабаев**
- Ғарышкер **Тоқтар Әубәкіров**
- Ғарышкер **Айдын Айымбетов**
- Осылар туралы презентация жасаймыз.

Тапсырма беру

- Интернеттен Ғарышкер ағалар тақырыбында ақпарат іздеу.
- Ақпаратты көшіру.

1-тапсырма

- Интернеттен алынған ақпараттарды шаблондарға орналастырыңдар.
- Әр ғарышкерге жеке-жеке шаблон таңдаңыздар.

2-тапсырма

- Әр шаблонды безендір.

3-тапсырма



Талғат Мұсабаевтың өмірбаяны

Мұсабаев Талғат Амангелдіұлы (7.1.1951ж.туған, Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы ауылы.) Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұшқыш-ғарышкері. Рига азаматтық авиация инженерлері институтын 1974 ж. және Ақтөбе жоғары ұшқыштар училищесін 1993 ж. бітірді. Алматы облысындағы азаматтық авиация әуе қатынастарының Боралдай авиа отрядында инженер. 1986 ж. азаматтық авиацияның 30-оқу жаттығу дайындығын бітіріп, азаматтық авиацияның пилоты мамандығын алды.

1987 жылдан АН-2 ұшағының 2-пилоты, командирі болды. 1989 ж. Ульяновск (қазіргі Тольятти қаласы) қаласындағы ұшқыштар, диспетчерлер және инженерлік-техникалық кадрлар дайындау орталығын бітіріп, Алматы біріккен авиаотрядының 1-ұшу отрядында Ту-134 ұшағының 2-пилоты болды. 1990 ж. Ю.А.Гагарин атындағы ғарышкерлер дайындау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісті.

- 1991 ж. Т.Мұсабаевқа «Ғарышкер-сынақшы» квалификациясы берілді. 16-негізгі бағдарлама бойынша 1994 ж. 1 маусымнан 4 қарашаға дейін (ұзақтылығы 127 тәулік) «Союз ТМ» ғарыш кемесінде борт-инженер ретінде ғарышта болды: 2 рет ашық ғарыш кеңістігіне (жалпы ұзақтылығы 11 сағат 06 мин) шықты. Ұшу кезінде қазақстандық ғылыми зерттеулердің 2-бағдарламасын орындады. 25-негізгі экспедиция бағдарламасы бойынша 1998 ж. 29 қаңтар мен 25 тамыз аралығында (ұзақтылығы 208 тәулік) «Союз ТМ-27» және «Мир» ғарыш кемелерінің кеме командирі ретінде ғарышта болды. Ұшу кезінде 5 рет (жалпы ұзақтылығы 30 сағат 08 мин) ашық ғарыш кеңістігіне шықты. Мұнда ғылыми-зерттеулер мен эксперименттердің қазақстандық 3-бағдарламасын орындады.

2001 ж. 28 сәуір мен 6 маусым аралығында «Союз –ТМ-32» ғарыш кемесімен Халықаралық ғарыштық стансасына барған бірінші экспедициясының экипаж командирі. Бұл ұшу кезінде ғылыми-зерттеулер мен эксперименттердің қазақстандық 4-бағдарламасын орындады.

Мұсабаев ұшақ спортынан қазақстан құрама командасы құрамында өнер көрсетті, КСРО чемпионы. Гимнастикадан Латвия құрама командасының құрамында жарыстарға қатысты. Гимнастикадан және ұшақ спортынан КСРО спорт шебері.

Талғат Мұсабаев Қазақстан Республикасының «Халық қаһарманы»және Ресей Федерациясының Батыры, «Отан», «Халықтар достығы», 3-дәрежелі «За заслуги перед Отечеством» (Ресей) ордендерімен, NASA-ның «Ғарышқа ұшқаны үшін» медалімен марапатталды. 2000 жылдан Ю.А.Гагарин атындағы Ғарышкерлер дайындау орталығының топ командирі.



● Тоқтар Әубәкіров

- Жас кезінен алдына қалайда ұшқыш болуды мақсат етіп қойған
- арманшыл жандардың бірі Тоқтар Әубәкіров 1946 жылы
- 27 шілдеде Қарағанды облысының Бірінші Май ауылында туған.
- Ата-анасынан жастай жетім қалған ол апасының қолында тәрбиеленеді. Тоқтар үшін өзі балалық шағын өткізген аяулы мекенін көк жүзінен көру арман болды. Балаң жігіт, ең алдымен, бос уақытында аэроклуб үйірмесіне қатысып, парашюттен секіруге әуестенді. Осылай асыл арман аясында жүріп ол орта мектепті бітірген соң, Армавирдегі ұшқыштар училищесіне оқуға түсті.
- Инженер-ұшқыш атағымен училищені бітірген Тоқтар Қиыр Шығыста жұмыс істеп жүріп, 1-класты әскери ұшқыш атағын иеленді. Өз ісін жетік меңгерген маман ретінде ол аса жауапты да қиын жұмыстар атқарды: түрлі маркадағы бірнеше әскери ұшақты сынақтан өткізді. Албырт жастың әлі де алдына қойған мақсаттары көп еді, ақыры ол өз арманына жетті. 1986 жылы «Тбилиси» авиакрейсеріне «МИГ-29К» дыбыстан жылдам ұшатын ұшағын қондырып алып, сол кемемен әлемде тұңғыш рет трамплиннен ұшып шықты. Осы батырлығы үшін Т.Әубәкіровтің есімі Гинестің рекордтар кітабына жазылды.
- Тоқтар 50-ден астам жаңа ұшақтарды сынақтан өткізді. Осындай өміріне аса қауіпті сынақтарды жүзеге асырғаны үшін ер жүрек жігітке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Қазақ жігіті Отан алдында жасаған ерлік әрекеттерін әлем жұртшылығы алдында дәлелдеуін осылай бастады.
- Өз өміріндегі ең бір шуақты сәт жайлы Тоқтар былай деп әңгімелейді: «Ол кезде ғарышқа тек Тоқтар Әубәкіров емес, бүкіл қазақ баласы ұшып бара жатты. Сонда мен рапортты басқа тілде беруім керек пе? Рас, ол уақытта мен қазақ тілін жете білмейтін едім. Себебі 30 жыл ғұмырым орыстар арасында өтті. Сонда да тілімді бұрап: «Мен қазақпын! Мен ұшуға дайынмын! Қазақ халқы үшін!» — дедім. «Кемеңіз от алып, жерден көтеріліп бара жатқанда, қандай сезімде болдыңыз?» — дейсің. Жалпы, ғарышкерлердің арасында жазылмаған мынадай заң бар. Ғарыш кемесі көтерілер сәтте «поехали» деп айту керек. Ол сөз Ю.Гагариннен қалған. Бірақ мен осы дәстүрді бұзып: «Халқым, сен үшін отқа да, суға да түсуге дайынмын!» — дедім. Қазақша айттым, ол сөздерім таспада бар».
- Ресейдегі әскери қызметтен босаған соң, Тоқтар Әубәкіров тәуелсіз мемлекетіміздің ғарыш саласындағы істеріне басшылық жасады, Елбасының ғарыш істері жөніндегі кеңесшісі болды. Тоқтар Әубәкіров – техника ғылымдарының докторы (1998), профессор (1997), Кеңес Одағының еңбек сіңірген ұшқыш-сынақшысы, авиация генерал-майоры (1995). Қазір Тоқтар Әубәкіров – Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты, халық қалаулысы. Елімізде туындап отыратын күнделікті мәселелерге белсене араласып, олардың оңтайлы шешілуіне үлесін қосуда.

● Айдын Айымбетов



- Нақты деректерге сүйенетін болсақ, қазақтан шыққан ғарышкер
- 1972 жылы Талдықорған облысының Талдықорған ауданында дүниеге келген.
- 1989 жылы Талдықорған қаласындағы № 20 орта мектепті алтын медальға бітірген соң, Авиацияның Бас маршалы П.С.Кутахов атындағы Армавир жоғары әскери авиация училищесіне түсіп, оны 1993 жылы «командалық, тактикалық жою авиациясы» мамандығы бойынша бітіріп, ұшқыш-инженер мамандығын алып шығады.
- 1993 жылдың мамыр айынан бері ҚР Әскери-әуе күштерінің қатарында әртүрлі қызметте болады. 1993 жылы өзін ғарышкерлер қатарына енгізу жөнінде өтініш білдіреді. Ғарышкерлер қатарына қосылмай тұрып, ол Талдықорған қаласы маңындағы әуе базасындағы әуе желісінің командирі болып қызмет еткен. Ол 470 сағат әуеде ұшып, парашютпен 360 рет секірген. 2002 жылдың 9-қарашасында Қазақстан Республикасының ғарышкерлерінің қатарына қосылып, 2003 жылы медициналық тексеруден өтіп, жаттығу жұмыстарына кіріседі.
- Ал, 2009 жылдың 15-желтоқсанында А.Айымбетов Мемлекеттік Ант қабылдап, «Қазғарыш» басшысының кеңесшісі болады. Содан кейінгі жылдары осы агенттікте бөлім басшысы, департамент басшысы сияқты бірқатар лауазымды қызметтерді атқарған. 2014 жылы оған ҚР Әскери-әуе күштерінің полковнигі атағы берілді.
- Бүгінде 43 жасар Айдын Айымбетов «Байқоңыр» айлағынан ғарышқа ұшқалы отырған үшінші қазақ ұлтының өкілі. Жалпы алғанда, Айдынның қызмет жолы тұтастай тек әуе және ғарыш қызметімен байланысты, яғни ол осы салаға кездейсоқ келген адам емес, өз ісінің маманы.
- Естеріңізге сала кетейік, ертең қыркүйектің 2-і күні қазақстандық ғарышкер Айдын Айымбетов ғарышқа сапар шекпек. Он күнге созылатын сапар барысында ол бірқатар физикалық-ғарыштық эксперименттер мен Арал және Каспий теңіздерінің экологиясына мониторинг жүргізіп, шаңды дауылды зерттейді.
- Бұл Қазақстан тарихында мәңгі қалатын айтулы оқиғалардың бірі болары сөзсіз. Өйткені, Қазақстан өзінің А.Айымбетовтың бұл сапары Қазақстанды ғарыштық өнімдерді сатып алушы елден, ғаламды зерттеуші мемлекетке айналары сөзсіз.

- **3-тапсырманы толық орындаса- 3 балл**
- **2-тапсырма толық орындаса- 2 балл**
- **1-тапсырманы толық орындасы – 1 балл**

Бағалау критерий



Сергіту сәті

Бағалау парағы

№	Оқушының аты-жөні	Үй жұмысы	Тапсырмалар	Бекіту	Жалпы
1					
2					
3					
4					
5					
6					



● ТЕСТ.

- Дәптерді ашып, орындаймыз.

Сабақты бекіту

- 1-
- 2-
- 3-
- 4-
- 5-
- 6-
- 7-
- 8-
- 9-

Тестің жауабы

- Тесттің 9-7 сұрағы дұрыс болса-3 балл
- Тесттің 6-4 сұрағы дұрыс болса- 2 балл
- Тесттің 3-1 сұрағы дұрыс болса – 1 балл

Бағалау критерий

Бағалау парағы

№	Оқушының аты-жөні	Үй жұмысы	Тапсырмалар	Бекіту	Жалпы
1					
2					
3					
4					
5					
6					



- Презентацияларды құру. Безендіру шаблондары.
- Тақырыпты оқу.

Үй жұмысы



- Бағалау парағын жинаймын
- Бағалаймын

Бағалау



- Стикер таратамын.
- Оқушылар бүгінгі сабақ қалай өтті.
- Оқушылар стикерлерге жазады.
- Бүгінгі сабақтың қай тұсы ұнағандарын.
- Мұғалім стикерлерді алып, оқиды

Рефлексия



- Назарларыңызға рақмет
- Сау болыңыздар

Сабақ бітті



Слайд

Слайд

презентаци

Презентация

Бағалау парағы

№	Оқушының аты-жөні	Үй жұмысы	Тапсырмалар	Бекіту	Жалпы
1					
2					
3					
4					
5					
6					